

Казкоммерцбанк 2012 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша қызметінің нәтижелерін жариялайды

2012 жылғы 31 тамыз, Алматы. – Казкоммерцбанк, ХҚЕС талаптарына сәйкес құрылған шоғырландырылған қаржы есептілігіне негізделген 2012 жылдың 1-ші жартыжылдығы бойынша қызметінің нәтижелерін жариялады.

Негізгі көрсеткіштер:

- Банктің таза пайдасы 11,9 млрд. теңгеден 13,0 млрд. теңге дейін, яғни 9,1%-ға ұлғайды.
- Жыл басынан бері брутто қарыздары 2,9%-ға артты.
- Жыл басынан бері бөлшек депозиттердің көлемі 6,4%-ға артты.
- Түзетілген таза пайыздық маржа 3,7%-ға дейін артты.
- «Провизиялар есептелгенге дейінгі операциялық кірістерге қатысты операциялық шығындар» көрсеткіші 2011 жылдағы 25,9%-бен салыстырғанда 20,1% құрады.
- 1-ші деңгейдегі капиталдың баламалылық коэффициенті 18,5% құрады.
- Банктің меншікті капиталының баламалылық коэффициенті 22,3% құрады.
- Клиенттерге берілетін несиелер бойынша резервтеу мөлшерлемесі 24,9%-ға дейін артты.
- Әрекет етпейтін қарыздар жалпы несие көлемінен 27,6% құрады.

Пайыздық кірістер

Пайыздық активтердің құнсыздануына арналған резервтер қалыптастырылғанға дейінгі таза пайыздық кіріс 2011 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы 56,5 млрд. теңгеден 2012 жылдың 1-тоқсанында 59,8 млрд. теңгеге, яғни 6%-ға өсті.

Пайыздық емес кірістер

Таза пайыздық емес кірістер осыдан бір жыл бұрынғы 9,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 1-ші жартыжылдығында 23,5 млрд. теңгеге дейін, демек 2,5 есеге өсті. Таза пайыздық емес кірістердің өсуі, негізінен, шетел валютасымен және қымбат металдармен жүргізілетін операциялар бойынша 2011 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы 1,8 млрд. теңгемен салыстырғанда 5,4 млрд. теңге мөлшеріндегі таза пайда алумен байланысты орын алды. Осыған қоса, 2011 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы 29 млн. теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 1-жартыжылдығында 8,5 млрд. теңгені құрайтын дивидендтерден алынған пайданың едәуір өсуі байқалды. Бұл ұстаушысы Банк болып табылатын «Қазақтелеком» АҚ акциялары бойынша дивидендтердің төленуімен байланысты болып отыр.

Қызметтер бойынша кірістер мен комиссиялар 2011 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы 11,4 млрд. теңгеден 12,8 млрд. теңгеге, яғни 12,0%-ға артты. Комиссиялық кірістің өсуі, негізінен, пластикалық карталармен жүргізілетін операциялардың 28,7%-ға, есептік операциялардың 16,2%-ға және кассалық операциялардың 8,3%-ға өсуі есебінен жүзеге асырылды.

Операциялық шығындар

Операциялық шығындар 2011 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы 17,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 16,8 млрд. теңгеге дейін, 4,3%-ға төмендеді. Бұл персоналға қатысты

шығындардың (7,8%-ға немесе 791 млн. теңгеге) төмендеуімен, пайдаға салынатын салықтардан басқа салықтардың (12,6%-ға немесе 96 млн. теңгеге) төмендеуімен, жарнамаға жұмсалатын шығындардың (19,6%-ға немесе 209 млн. теңгеге) төмендеуімен байланысты болды. Бұл операциялық шығындардың төмендеуі бағдарламалық қамсыздандыруды жаңартуға шығындары (22,4%-ға немесе 205 млн. теңгеге) мен өзге шығындардың (20,3%-ға немесе 255 млн. теңгеге) өсуімен ішінара қалпына келтірілді.

Құнсыздану бойынша шығындар

Клиенттерге ұсынылған несиелер бойынша қалыптастырылған провизиялардың үлесі берілген несиелердің жалпы көлемінде 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 24%-бен салыстырғанда 24,9% құрады. Провизияларға қаржы бөлу 2011 жылдың 1-жартыжылдығындағы 33,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 49,9 млрд. теңгені құрады.

Әрекет етпейтін қарыздардың үлес салмағы несиелердің жалпы көлемінен 27,6% құрады. Салыстыратын болсақ, әрекет етпейтін қарыздардың үлесі 2012 жылғы 31 наурызда 28,3%, 2011 жылғы 31 желтоқсанда 28,6%, 2011 жылғы 30 қыркүйекте 27,3%, 2011 жылғы 30 маусымда 28,1%, 2011 жылғы 31 наурызда 27,7% және 2010 жылғы 31 желтоқсанда 25,4% құрады. Банк әрекет етпейтін қарыздар ретінде корпоративтік клиенттер бойынша 30 және одан артық күнге және жекелеген клиенттер бойынша – 60 және одан артық күнге мерзімін өткізген клиенттердің толық берешегін анықтайды.

2012 жылғы 30 маусымға банк жуық арадағы бірнеше жыл ішінде ақшалай қаражатының түсімін күтпейтін корпоративтік клиенттердің бірнеше несиелерін анықтады. 2012 жылғы 1-жартыжылдық үшін осы несиелер бойынша есептелген пайыздық кірістер 21,2 млрд. теңгені құрады. Осы жағдайға байланысты банк сол кредиттер бойынша кредиттік шығын жөніндегі резервті қалыптастырды. Ол туралы толығырақ ақпаратты банктің қаржы есептілігіне № 5 ескертуінен табуға болады.

Салық салу

Пайдаға салынатын салық бойынша шығын 2011 жылдың 1-жартыжылдығындағы 3,0 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 1-жартыжылдығында 1,9 млрд. теңгені құрады. 2012 жылдың 1-жартыжылдығындағы салық салудың тиімді мөлшерлемесі 12,8% құрады.

Пайда

Салық салумен байланысты шығындарға дейінгі банктің пайдасы айтарлықтай өзгермеді, 2011 жылдың 1-жартыжылдығындағы 15,0 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылдың 1-жартыжылдығында 14,9 млрд. теңгені құрады.

Салық салудан кейінгі таза пайда 2011 жылдың 1-жартыжылдығындағы 11,9 млрд. теңгемен салыстырғанда 9,1%-ға артты және 13,0 млрд. теңгеге жетті.

Капиталдың баламалылығы

Тәуекел деңгейі бойынша өлшенген активтер, шартты және болуы мүмкін міндеттемелер 2011 жылдың соңындағы жағдаймен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеп, 2012 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2 391 млрд. теңгені құрады (2011 жылғы 31 желтоқсанда 2 380 млрд. теңге).

Шоғырландырылған есептілік негізінде есептелген меншікті капиталдың баламалылық коэффициенті 2012 жылғы 30 маусымда 2011 жылдың аяғындағы деңгейі бойынша 22,3% құрады. Бірінші деңгейдегі капиталдың баламалылық коэффициенті 2011 жылғы 31 желтоқсанға 18,6%-дан 18,5%-ға дейін төмендеді.

Бизнес сегменттері бойынша нәтижелер

Корпоративтік сектор және ШОБ

Корпоративтік секторға берілген несиелердің нетто көлемі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 1 870,9 млрд. теңгемен салыстырғанда 1 897,5 млрд. теңгені құрады. Клиенттерге берілген несиелердің жалпы көлеміндегі (нетто) корпоративтік секторға берілген несиелердің нетто үлесі 2011 жылдың аяғындағы 90,0% төмендеп 89,7% құрады.

Корпоративтік сектор клиенттері қаражатының көлемі (мемлекеттік бағдарламалар бойынша бөлінген қаражатты есепке алмағанда) 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 786,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 2012 жылғы 31 маусымдағы жағдай бойынша 728,7 млрд. теңгені құрады. Олардың клиенттер қаражатының жалпы көлеміндегі үлесі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 53,8%-бен салыстырғанда 50,6% құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторы

2012 жылғы 30 маусымға банктің Қазақстан аумағында 23 филиалы мен 134 бөлімшелері қызмет етеді. Осыған қоса, банк сатудың дамыған баламалы желісіне ие. Банкоматтар мен POS-терминалдардың саны 1 360 және тиісінше 13 779 құрады.

Жекелеп қызмет көрсету секторына берілген несиелердің нетто көлемі, негізінен тұтынушылық несиелердің неттосы өсуі есебінен, 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 208,8 млрд. теңгеден 217,6 млрд. теңгеге дейін, 4,2%-ға артты. Клиенттерге берілген несиелердің жалпы көлеміндегі жекелеп қызмет көрсету секторға берілген несиелердің нетто үлесі 2011 жылдың аяғындағы 10%-дан 10,3%-ға дейін өсті. Жекелеп қызмет көрсетілетін бизнеске берілген несиелердің нетто көлеміндегі ипотекалық қарыздардың үлесі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 61,1%-ға қарағанда 58,8% -ға дейін төмендеді.

Жекелеп қызмет көрсетілетін клиенттер қаражатының көлемі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы 569,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 6,4%-ға немесе 36,5 млрд. теңгеге артып 606,2 млрд. теңгеге жетті. 2012 жылдың басынан бері олардың клиент қаражатының жалпы көлеміндегі үлесі 42,1% дейін өсті (2011 жылдың аяғында 38,9%).

Байланыс үшін:

Алия Нурсипатова, Инвесторлармен байланыс бөлімі
Алма Бұйракулова, Инвесторлармен байланыс бөлімі
Тел.: +7 (727) 258-51-25, E-mail: investor_relations@kkb.kz

Лариса Коковинец, Бұқарамен байланыс департаментінің директоры
Тел.: +7 (727) 258-54-56, E-mail: pr@kkb.kz